

**«6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)  
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған Шагирбаев Алмасбек  
Дүйсенбековичтің «Мәшһүр Жұсіп Көпейұлының діни көзқарасы»  
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына отандық ғылыми  
көңесшінің**

**ПІКІРІ**

Бұгінде Қазақстан Республикасында Ислам тақырыбының аса маңыздыға ие болып отырғаны белгілі. Дін мәселесінің өзектілігі артып, он ғасырдан аса Ислам дінін ұстанған қазақ даласындағы тарихи деректерді зерттеп, зерделеп бұгінгі қоғам өміріне дәйекті дерек етіп ұсынудың маңыздылығы артты. Себебі, адамзат дамуында діни сенім кез-келген ұлттың басты құндылықтарының біріне айналғаны белгілі. Халық руханияты мен тіршілігінің, яғни діні мен ділінің өзара тығыз байланысты екенін уақыттың өзі саралап келеді. Сондықтан, жаһандану кезеңінде қазақ халқы үшін өткен ғасырлардағы тарихи бай мұраларды ғылыми сұзгіден өткізіп, қоғам өміріне енгізудің маңыздылығы орасан.

Артынан мол мұра қалдырған халқымыздың көрнекті өкілдерінің бірі – Мәшһүр Жұсіп Көпейұлы. Мәшһүр Жұсіп – ұлы ойшыл, фольклортанушы, этнограф, тарихшы, философ, қазақ мәдениеті мен әдебиетіне, халқымыздың рухани өмірінде өзіндік із қалдырған үлкен тұлға. Ол араб және парсы тілдерін жетік меңгерумен қатар, одан өзге көп тіл білген ғұлама. Сондықтан, оның артында қалдырған мұрасы өте бай және сан алуан. Мәшһүр Жұсіп шығармашылығы, оның еңбектеріне қатысты осыған дейін көптеген зерттеулер жазылған. Ондаған ғылыми диссертациялар қорғалған. Ал бұл диссертацияның «жаңалығы не?» десек, мұнда М.Ж.Көпейұлының діни ұстанымдары дінтану ғылымы тұрғысынан тұңғыш рет зерттеліп отыр. Рас, осыған дейін М.Ж.Көпейұлының еңбектері филология, фольклортану, этнография, педагогика, философия, тіл білімі тұрғысынан зерттеліп, көптеген ғылыми диссертациялар өзегіне айналды. Сондықтан, бұл зерттеу жұмысының жаңалығы – ғұлама еңбектеріндегі дінтанушылық ұстанымдарды саралауы. Ал Мәшһүр Жұсіптің діни шығармалары өте бай деуге болады. Мұнда Мәшһүр Жұсіптің еңбектеріндегі ислами ұстанымдар исламтану ғылымы тұрғысынан зерттеледі. Дәлірек айтсақ, фикір, ақида, сопылық, тағы басқа арналар тұрғысынан қаралады. Ал қазіргі түрлі жат ағымдардың ықпалы азаймай отырған кезеңде халқымыздың ұстанған сенім мектебі мен фикіртің мәзінін нақтылау барысында Алмасбек Дүйсенбековичтің «Мәшһүр Жұсіп Көпейұлының діни көзқарасы» диссертациялық жұмысы маңызды болмақ.

Диссертацияда Мәшһүр Жұсіптің осыған дейін жарыққа шыққан және шықпаған мұралары негізге алынған. Ондағы діни мәселелер, дінге қатысты ұстанымдар жіктеледі. Осы жұмыста М.Жұсіптің тұңғыш рет фикір ғылымы тұрғысынан, оның 40 парызға және шариғи тараптан ғибадатқа қатысты ұстанымдары, сонымен қатар ақидалық сенімге қатысты көзқарастары

матуридилік ілімімен байланысты қаастырылған. Сондықтан осы мәселелер бұл ғылыми еңбектің артықшылығы деп айтуға болады.

Сонымен қатар, Алмасбек Шагирбаевтың «Мәшіүр Жұсіп Көпейұлының діни көзқарасы» атты диссертациясында Мәшіүр Жұсіп өз заманы тұрғысынан бағаланады. Оның ұстанымдары XX ғасыр басындағы басқа да ойшылдардың және шығыс, батыспен байланысты көзқарас арнасында қаастырылып, жадидтік (жаңа әдіс) ұстанымы сараланған. Онда Мәшіүр Жұсіп тек ақын ғана емес, үлкен ойшыл ретінде танылып, көзқарастары заманға лайықты қазақ елінің, оның ішінде ойшылдарының ізденісін көрсетеді. Сондай-ақ, көзқарас, діни ұстанымдары Шәкәрім Құдайбердіұлымен салыстыра отырып қаастырылған. Осы екі ойшылдың еңбектеріндегі ұқсас, ұндес тұстары көрсетіліп, нақты мысалдармен талданылады. Зерттеу сонында Мәшіүр Жұсіп еңбектерінің бүгінгі заман үшін қай жағынан пайдалы деген сұраққа жауап ізделеді.

Ғылыми-зерттеу жұмысының жүйелілігі, әрбір тарау, бөлімдегі тұжырымдар жасауда автор кәсіби шеберлік танытқан. Тақырыпта негізгі нысананаға алынған мәселелердің шешімі табылып, мақсаты орындалған деуге болады. Яғни, ғылыми жаңалығы бар, мазмұны ашылған, тұщымды әрі толыққанды жұмыс деген бағалауға лайық.

Қорыта келгенде, Шагирбаев Алмасбек Дүйсенбековичтің «Мәшіүр Жұсіп Көпейұлының діни көзқарасы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы дінтану ғылымын жана бір дерек, дүниелермен толықтыратын жұмыс деген санаймыз. ҚР БФМ Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру тәртібі туралы Ережесінің» талаптарына сәйкес орындалған еңбек үшін Шагирбаев Алмасбек Дүйсенбековичті «6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты деген санаймын.

### Отандық ғылыми кеңесші:

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің проректоры,  
профессор, филология ғылымдарының  
докторы



Керіс



Ш.Т.Керім

М.Керім  
жароға растасылған  
Жемчуг Ариф ксайранбеков  
9.11.2015 ж